

Кейбір қаулылардың күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 14 тамыздағы № 240 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Сарыағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сарыағаш ауданы әкімдігінің мынадай қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 376 "2023 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысы;

2) Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 377 "2023 жылға Түркістан облысы Сарыағаш ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы" қаулысы.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау осы салаға жетекшілік ететін Сарыағаш ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Абдуллаев